

fifine

A8 микрофоны
Пайдалану бойынша
нұсқаулық



Құрметті сатып алушы!

«Fifine» сауда белгісімен өндірілген өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет. Біз сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Микрофон – акустикалық тербелістерді электрлік сигналға түрлендіретін электроакустикалық құрылғы. Бұл құрылғы дыбысты әртүрлі тасымалдағыштарда күшейтуге немесе жазуға арналған.


Сақтық шаралары

- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары бөлмелерде сақтамаңыз, оны төтенше температура мен кез-келген сұйықтықтың әсерінен сақтаңыз.
- Микрофон — өте сезімтал құрылғы. Оны құлаудан, соққылардан және басқа механикалық зақымданудан қорғаңыз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Жинақталым

- Микрофон;
- Тұғыр;
- USB — Type-C кәбіл;
- пайдалану бойынша нұсқаулық.

Құрылғы схемасы



1. Микрофон капсуласы: кардиоидті фокустық диаграммасы бар конденсатор элементі.
2. RGB-жарық.
3. RGB артқы жарығын ауыстыру батырмасы.
4. Түйме-микрофонды қосу индикаторы.
5. Микрофон сезімталдығын реттегіш: сезімталдықты төмендету үшін солға, ал жоғарылату үшін оңға бұрыңыз.
6. Микрофонды құлаққаптарға/аудио жүйеге қосуға арналған 3,5 ұялы қосқыш.
7. Микрофонды компьютерге/консольге қосуға арналған Type-C қосқышы*.
8. Поп-сүзгісі.
9. «Өрмекші» қондырғысы.
10. Микрофон сәресі.
11. Бекітетін шайба.
12. Микрофон бұрышын реттегіш.
13. Микрофонды бекіту болты.
14. Микрофонды компьютерге қосуға арналған Type-C — USB кәбілі.
15. «Тырна» тірегіне микрофонды орнатуға арналған топсалы бекіткіш**.

* XBox-тан басқа.


** «Тырна» сәресі жинаққа кірмейді.

Құрылғыны құрастыру және пайдалану


Құрылғы жиналған түрінде келеді. «Тырна» сөресіне микрофонды орнату үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Бекіткіштегі болтты бұрап, «өрмекші» бекіткішінен микрофонды алыңыз.
2. «Тырна» тірегіне арналған бұранданы босатыңыз.

Назар аударыңыз: бекіткіш шайбаны алып тастамаңыз, өйткені оны жоғалту оңай.




3. Микрофонды «тырна» тірегіне тиісті бекітпемен жалғаңыз және болтты мықтап бұраңыз.



4. Микрофонның бұрышын тиісті бұрандамен реттеңіз.
Назар аударыңыз: тірекке орнатылған микрофонды тек артқа қарай еңкейтіңіз; микрофонды алға қарай еңкейту көлбеу механизмін бұзуы мүмкін.
5. Кәбильдің USB коннекторын компьютердің USB портына, ал Type-C коннекторын тиісті микрофон ұясына қосыңыз.
6. Жазудың жақсы нәтижесі үшін микрофонды поп-фильтрмен бетінен 20 см қашықтықта өзіңізге орналастырыңыз.
7. Микрофонды пайдаланбас бұрын сезімталдық реттегішін минималды күйге қойыңыз.

Дыбысты өшіру батырмасын басқару

Дыбысты қосу/өшіру үшін микрофонның жоғарғы жағындағы «» батырмасын басыңыз, индикатор жасыл түспен жанады; «дыбыссыз» режимде индикатор қызыл түспен жанады.

RGB жарықты басқару

«Статикалық жарқыл» (артқы жарықтың әр түсі үшін төменгі басу арқылы), «тегіс ауысу», «өткір ауысу» режимдері арасында ауысу үшін RGB жарықты басқару батырмасын басыңыз. Жарықты өшіру үшін түймені 5 секунд басып тұрыңыз.

Құрылғыны компьютерге қосу

Windows жүйелері үшін:

- Микрофонды компьютерге USB — Type-C кәбілімен қосыңыз, капсюльдің артқы жарығы жанады.
- Басқару панеліне «Жабдық және дыбыс» бөліміне өтіңіз.
- «Дыбыс» бөлімінде жазу қойындысын ашып, осы микрофонды әдепкі құрылғы ретінде орнатыңыз.
- Сипаттар қойындысында микрофонның дыбыс деңгейі мен күшейту деңгейін реттеңіз.
- Жазбаны нақты уақыт режимінде бақылау үшін «Тыңдау» қойындысын нұқыңыз, «Осы құрылғыдан тыңдау» опциясын таңдаңыз, содан кейін «Қолдану» батырмасын басыңыз.

MacOS жүйелері үшін:

- Микрофонды компьютерге USB — Type-C кәбілімен қосыңыз, капсюльдің артқы жарығы жанады.
- «Дыбыс» бөліміндегі параметрлерде «Кіру» қойындысын таңдаңыз.
- Қосылған микрофонды таңдаңыз, оны әдепкі дыбыс жазу құрылғысы ретінде орнатыңыз және параметрлерді аяқтаңыз.
- Жазбаны нақты уақыт режимінде бақылау үшін үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын пайдаланыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: A8.
- Микрофон түрі: конденсатор.
- Қуат параметрлері: 5 В.
- Жұмыс тогы: 200 мА.
- Бағыт түрі: кардиоид.
- Микрофонның жиілік диапазоны: 50 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдық: -40 ± 3 дБ.

Мүмкін проблемалар және оларды шешу

Мәселе	Шешім
Компьютер құрылғыны анықтай алмайды.	Компьютерді қайта іске қосыңыз және құрылғыны басқа USB портына қосыңыз.
Дыбыс жоқ.	Құрылғыңызда дыбыс қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
Құрылғы анықталды, бірақ дыбыс жоқ (Windows 10 үшін).	Параметрлер > Құпиялылық > Микрофон тармағына өтіп, «Қолданбаларға микрофонға кіруге рұқсат беру» (ON) опциясын таңдап, компьютерді қайта іске қосыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °C және 40 °C аралығындағы температурада және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының басшылығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжаоцин Хэцзя Электроникс Ко., Лтд.

1 қабат, Хуасин Вулэн ғимараты, Вайцзин өнеркәсіптік ауылы, Дуаньчжоу 3-ші тас жолы №6, Чжаоцин, Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталымы мен функционал-дығы пайдаланушыны алдын ала ексертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы Нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіріс күні қаптамада көрсетілген.

